

Тұрғын үй-коммуналдық саланы реформалауды жеделдету

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 24 маусымдағы N 193

Тұрғын үй-коммуналдық саланы реформалауды жеделдету, сондай-ақ жергілікті жерлердегі тұрғын үй-коммуналдық салада жүргізіліп жатқан жұмыстардың ағымдағы жай-күйіне талдау жасау мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен бірлесіп бір ай мерзімде коммуналдық саладағы монополист кәсіпорындардың қолданып жүрген тарифтеріне, сондай-ақ жылууды, ыстық және суық суды, газды пайдаланудың қолданылып жүрген нормаларының негізділігіне кешенді тексеру жүргізісін, сөйтіп оларды қондырылған есептеу құралдарының көрсеткіштеріне сәйкестендірсін.

2. Қосымшаға сәйкес коммуналдық саладағы монополист кәсіпорындардың қолданып жүрген тарифтеріне, сондай-ақ жылууды, ыстық және суық суды, газды пайдаланудың қолданылып жүрген нормаларының негізділігіне тексеру жүргізу үшін облыстарға шығатын жұмыс топтарының құрамы бекітілсін.

3. Жұмыс топтарының жетекшілеріне жергілікті жерлерде тексерулер жүргізу үшін олардың құрамына министрліктердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың өкілдерін қосымша енгізу құқығы берілсін.

4. Жұмыс топтарының жетекшілері:
өкімдер аппараттарының тұрғын үй-коммуналдық салада реформалар жүргізуге қатысты 1996-1997 жылдағы қызметін талдасын;

"Жылууды, ыстық және суық суды тұтыну нормаларын қолдануды ретке келтіру туралы" Үкіметтің 1997 жылғы 29 мамырдағы N 889 P970889_ қаулысының және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы 30 мамырдағы N 159 R970159_ өкімінің жүзеге асырылу барысын талдасын;

коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынудың жаңа нормаларын енгізу бойынша кешігулер болған жағдайда, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігіне қорытындылау және Үкіметке тиісті ұсыныс енгізу үшін нақты ұсыныстар енгізісін.

5. Тексеру нәтижелері бойынша тиісті материалдарды 1997 жылдың 5

шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігіне тапсырсын.

6. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі

тексеру нәтижелерін қорытындыласын және 1997 жылдың 10 шілдесіне
Үкіметке тапсырсын.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1997 жылғы 24 маусымдағы
N 193 өкіміне
қосымша

Коммуналдық саладағы монополист кәсіпорындарға, сондай-ақ
жылуды, ыстық және суық суды, газды пайдаланудың қолданылып жүрген
нормаларының негізділігіне тексеру жүргізу үшін облыстарға шығатын
жұмыс топтарының құрамы

Ақмола - Экономсаудамині департаменті директорының
Хамзин К.Ғ. орынбасары, жетекші

Ақтөбе - Экономсаудамині департаменті директорының
Нұрабаева А.К. орынбасары, жетекші

Алматы - Экономсаудамині департаменті директорының
Фун-со Н.З. орынбасары, жетекші

Алматы қаласы - Экономсаудамині агенттігі басқармасының
Бәймішев К.К. бастығы, жетекші

Атырау - Экономсаудамині департаменті директорының
Баженова С.А. орынбасары, жетекші

Шығыс Қазақстан - Экономсаудамині департаментінің директоры,
Квятковская Т.Г. жетекші

Жұмағұлов М.Б. - Премьер-Министр Кеңесінің Аймақтардың

жұмысын үйлестіру бөлімінің бас
инспекторы

Жамбыл - Экономсаудамині агенттігі басқармасының
Бекмұхамбетов С.К. бастығы, жетекші

Батыс Қазақстан - Экономсаудамині агенттігінің бөлім
Крикуненко А.И. бастығы, жетекші

Қарағанды - Экономика және сауда вице-министрі,
Радостовец Н.В. жетекші

Дмитриев О.В. - Премьер-Министр Кеңесінің Аймақтардың
жұмысын үйлестіру бөлімінің бас
инспекторы

Қостанай

Попандопуло Е.Н. - Экономсаудамині департаментінің директоры,
жетекші

Тегниряднова У.Г. - Премьер-Министр Кеңесінің Үкімет
шешімдерін әзірлеуді үйлестіру бөлімінің
консультанты

Қызылорда

Григорьев В.Ф. - Экономсаудамині агенттігінің бөлім
бастығы, жетекші

Маңғыстау - Экономсаудамині департаментінің бөлім
Андриенко Н.Н. бастығы, жетекші

Павлодар - Экономсаудамині департаментінің бөлім
Федосенко Н.Ф. бастығы, жетекші

Солтүстік Қазақстан - Экономсаудамині департаментінің бөлім
Тильга А.К. бастығы, жетекші

Оңтүстік Қазақстан - Экономсаудамині департаментінің
Құрманғалиев С.Ш. директоры, жетекші

Ыбрайымжанұлы Р. - Премьер-Министр Кеңесінің Аймақтардың
жұмысын үйлестіру бөлімінің бас
инспекторы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК